

Қазақстан Республикасының радиожиліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
2018 жылғы 14 маусымдағы № 70-ө өкімі.

Қазақстан Республикасының радиожиліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының радиожиліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы радиожилік спектрін бөліп беру, сондай-ақ радиожилік спектрі мен байланыс жерсеріктерінің орбиталық позицияларын мемлекет мүддесі үшін тиімді пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуді жүзеге асыратын консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

4. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

2. Комиссияның негізгі міндеті

5. Комиссияның негізгі міндеті мынадай:

1) мемлекеттің шектеулі табиғи ресурсы ретінде Қазақстан Республикасының радиожилік спектрін пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында оны бөлу және пайдалану саласында радиоэлектрондық құралдардың даму үрдісі негізінде Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді сыртқы және ішкі саясаты жөнінде;

2) Қазақстан Республикасының радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларға тапсырыс беруші, оларды әзірлеуші, пайдаланушы немесе шетелден сатып алушы мемлекеттік органдары мен ұйымдарының жұмысын үйлестіру жөнінде;

3) радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды әзірлеу, өндіру және Қазақстан Республикасының ішкі нарығына жеткізу кезінде олардың негізгі техникалық сипаттамалары мен оларға қойылатын өзге де талаптарды айқындау жөнінде;

4) радиожилік спектрді бөлу және пайдалану саласында Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

3. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

6. Комиссияны ұйымдастыру мен жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.